

Тема:Арманға балл керек пе?

Цель: Показать с какими конфликтами сталкиваются молодые люди при выборе жизненного пути.

1Мечты подростков и давление ЕНТ

2.Желания ребенка и родительские ожидания

3. Стереотипы общества и личный путь

4)Внутренние сомнения и поиск себя

Актеры:

Кішкентай Малика-Асылым

Малика-главная актриса

Дариям-подруга

Мерей - подругасы

Мама-Томирис

Папа-Абиль

Мұғалімі-Мерей

Вступительная заставка

Локация: ҮЙДЕ

Асылым: Мен өскенде журналист болғым келеді

Малика: Кішкентай кезімде бәрі оңай көрінді.Армандау ол қиял сияқты.Ал есейгенде сол армандар отқа күйіп кетеді екен.

Қара экран. Кенет жүрек соғысы естіледі.

Көз жақын план: көзде жас, камера баяу артқа шегінеді.

1сцена. Локация: мектеп или библиотека РК

(Нужные вещи:книжки,папка)

Қоңырау соқты. Үш құрбы арасында диалог ҰБТ туралы.

Коридорда кетіп бара жатыр.

Мерей:-Қыздар ҰБТ ға дайындалып жатрсындар ма? Мен 140 тың курсың алдым.

Универге түссем түстім, түспесем шетелге кете саламын.

Дариям:- Мен дайындалмаймын да.Көкем универге кіргізіп беремін деген. Соған сенемін енді.

(Малика көңілі түскен жерге қарап жүр)

Мерей: Ал сен ше? (Деп Маликаға қарайды)

Малика: Мен.. Мен дайындалып жатырмын

2сцена(Сабактан Малика үйге келеды)

Анасы тамақ істеп жатады и үйдегілерді кешкі ас ішуге шақырады столға

Анасы:-қолдарынды жуындар тамаққа келіндер

(Столға бәрі келеді)

Тамақ ішіп отыр

Анасы:-Естідіндерме анау Мараттың қызы Министерство да істеп жатыр.. Бағана Айгульдің өзі келіп мақтанып кетті.Қызым шетелде оқыды деп.Жарайды енді Құдай берсін дедік қой

Тамақ ішіп жатады.

Әкесі:Ал,қызым ҰБТ-нда жақындап қалыпты,өзінде білесің мамандық таңдаған шығарсың

Анасы:Біздің әулетте бәрі дәрігер. Әкенде менде ақ халатты кидік сеніңде сол жолмен жүргенін дұрыс шығар

Малика:Бірақ мен журналист болғым келеді.

Әкесі:Е,журналист деген не айналайын.Қазір бәрі журналист,блогер.

Сен ертең одан аш қаласың ғой.

. (Ұрсады)

Анасы:-Әкен дұрыс айтат.Біз саған сеніп қаншама курстарды алып бердік,ал сенің таңдағанын журналист!

Малика үнсіз, көзін төмен салып, ішінен дем алады.

(Камера оның бетіне жақындайды көзінде жас. Ата анасының сөздері жаңғырық болып естіліп жатыр.)

3сцена:(Малика өз өзін таба алмай отыр. Ата анасының сөздері оған ауыр тиді. ЕНТ ға дайындалып отыр.)

Музыка:De lasure Algabaz

Монолог:Түн. Барлығы ұйықтап жатыр.

Ал мен әлі осындамын кітап пен ойдың ортасында.

Ертең ҰБТ

Менің тағдырым шешілетін күн.

(Экран өшеді и сразу ЕНТ да отырады)

4-сцена

Локация-ЕНТ да отыр

Кадрлар: Сынып іші, үстелдегі қағаз, бос сұрақтар, дірілдеген қол, қобалжыған көз. Сағат тықылы.

Малика: Менің өмірім осы бір параққа байланып қалды ма?

Осынша дайындық, үміт, армандар бәрі бір қағазға қарап шешіле ме?

ЕНТ бақылаушы:Ұбт тапсырушы 15 минут уақытыңыз қалды

(ЕНТ БАҚЫЛАУШЫ ЖҮРІП ЭКРАНДА ЖАБАДЫ)

5)сцена(Малика ноутбукта отырады)

(АНАСЫ ЭКРАНДЫ ЖҮРІП АШАДЫ)

Анасы:Қызым ЕНТ ның жауабы келген жоқпа

Малика:Қазір қарап жатырмын...

Малика: Шығыпты

Анасы:Әкесі кел қызынның ЕНТ баллдарын бірге көрейік

Отбасымен бірге ноутбуктан қарап отырады ЕНТның ответін

(Жүрек дүрсілі,Малика үшін қиын сәт)

Сообщение:ҰБТ тапсырушы түлек сіз 55 балл жинап,мамандыққа сай шекті баллды жинай алмадыңыз

Анасы:Қызым, қаншама уақыт, қаншама ақша кетті. Осыған бола қаншама дайындалдың ба?!Біз саған барлығын бердік.Сен не істедің?

Әкесі:Журналист боламын деп бізді жерге қараттың ғой!Елдің бетіне қалай қараймыз!

Әкесі: Біз сені адам болсын деп оқыттық!Анау Сәрсенбайдың қызы Аяжан 110балл алды.Сенің одан қай жерін кем?!

(жылауға жақын, ішкі ашуын сыртқа шығарып,(папа мамасың сөздері жаңғырық болып естіліп жатыр,Малика жылап жатыр)

Малика:Мен Сәрсенбайдың қызы Аяжан емеспін

(Бөлмесіне жүгіріп кіріп кетеді. Жылаған дыбыс. Ұйықтап қалады)

6сцена (Таңертең)Малика звоноктан оянады:Мұғалімі звондайды

Мұғалім: Сәлеметсің бе Малика

Малика:Сәлеметсіз бе

Мұғалім Естідім ЕНТ дан құлап қалыпсын.Журналист болғың келетінін мен баяғыдан байқадым. Мен саған бір курс ұсынайын. Қаласаң бірге бастайық.Қазір боссын ба кездессек қалай қарайсың?

Малика:Иә боспын

7сцена(паркта мұғалім мен Малика)

Малика:Білесіз бе... мен шаршадым.ҰБТдан құлағанда тек балл емес, үмітім де құлағандай болды.

Ата-анам... мені түсінбейді.

Олар үшін менің арманым- жай балалық қиял.

Мұғалім (жылы дауыспен):

Сен өз жолыңды өзің іздеп жүрген қызсың.Көп адам сырттан не айтады деп өмір сүреді, ал сен сен жүрегіңді тыңдадың.Бұл әлсіздік емес. Бұл батырлық.

Мұғалім (жалғастырып):

Мүмкін, ата-анаң сені түсінбеген шығар. Бірақ олар да сені жаман болғаны үшін емес қорыққаннан солай айтты.Саған қазір көп нәрсе күмәнді, ауыр болып көрінуі мүмкін.Бірақ есінде болсын өзіне сенген адам өзгелердің де сенімін оята алады.

Малика:– Бірақ менде ештеңе жоқ қой...

Ниет бар, бірақ мүмкіндік жоқ.Қолдау болмағанда, жалғыз алға жүру өте қиын

Мұғалім :Мүмкіндік тек дайын адамға ғана ашылады.

Сенің арманың ол сенің бағытың.Қорықпа. Жолың ауыр болса да шынайы болады.Жай ғана алға жүр.

(Кішкене үнсіздік. Малика көзге тіке қарайды.)

Малика:

– Ал сіз шынымен мені журналист ретінде көре аласыз ба?

Мұғалім (анық):Мен сені көріп тұрмын Малика. Мен саған сенем.

Сцена

Малика уже журналист папа мамасы оны телевизордан қарап отырады

Локация:медиа студия/дом

Малика журналист :Бұл Астанадағы алғашқы волонтерлік жоба.

Қарапайым жастар үлкен іске себепкер бола алады..

(Сразу папа мамасы телевизордан көріп отырғанын түсіреміз)

Әкесі:Біздің қызымыз өз орнын тапты (деп қуанады)

Титрда главный герой өз дауысымен айтады

Малика: Кейде бір есік жабылады себебі басқа есік ашылуы керек.Бір кезде мен болашағымнан қорқатынмын.Қазір мен сол болашақтың иесімін.Балл жоқ. Қолдау аз.Бірақ жүректе сенім болса бәрі мүмкін.